

2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 107 Қаулысы. Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 29 сәуірде 6-8-122 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19-бабына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығына және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 Қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір - маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2011.06.24 № 248 қаулысы.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және жүргізу үшін келесі құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын:

Ердосов	Күмісбек	Жарылқасынұлы -	«Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісімі бойынша) ;

Өмірзақов Мұратбек Токсанбаевич		«Т.Рысқұлов ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас инспекторы, комиссия төрағасының орынбасары;
Комиссия		мүшелері:
Сегізбаев Болат Тұрмаханұлы	-	«Жамбыл облысы ішкі істер департаментінің Т.Рысқұлов аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісімі бойынша);
Джакияев Нұртай Қалиұлы	-	«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Т.Рысқұлов аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының хирургі, дәрігерлік комиссияның төрағасы, (келісімі бойынша);
Сүйінбаева Айнагүл Орынтайқызы	-	«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Т.Рысқұлов аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының медбикесі, комиссия хатшысы (келісімі бойынша).

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2011.06.24 № 248 қаулысы.

3. «Жамбыл облысы ішкі істер департаментінің Т.Рысқұлов аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісімі бойынша) қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы Қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Осы Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.А.Қарсыбаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А.Нұралиев

«К Е Л І С І Л Д І» :

«Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданының
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы
25.03.2011 жыл

«Жамбыл облысы ішкі істер департаментінің
Т.Рысқұлов аудандық ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Қ . С . Қ о й ш ы м а н о в

2 5 . 0 3 . 2 0 1 1 ж ы л

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық
сақтау басқармасы Т.Рысқұлов аудандық орталық
ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының бас дәрігері

Ш . К . М ы р з а л и е в

2 5 . 0 3 . 2 0 1 1 ж ы л